

ҚАЗАҚША КҮРЕСТІҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Абишев Т.Х., Джалимов Н.А.

*В этой статье рассматривается роль упражнений в обучении казахша курес
The importance of training exercises the Kazakh wrestling*

Күрес өнері – ұлттық салт-дәстүр және мәдениетпен бірге қалыптасып, қанаттас дамып отырған ажырамас бөлігі. Көшпелілердің тұрмыстық, әлеуметтік өмірінде кездесетін той, ойын-сауық түрлері, күштілікті, ептілікті сынайтын дәстүрлі сайыстар күрес өнері арқылы өз мәртебесін арттыратын болған. Бұған дәлел ретінде: этникалық және фольклорлық шығармаларды, тарих-этнографиялық тас жазуларды, сол сияқты петрографикалық фрагменттер композициясын айта аламыз.

Өткенге көз жіберіп, шежіре жолдарына тереңірек үңілер болсақ, қазақша күрестің өсіп өркендеу, даму жолдарының өзгеше, өзіндік сыр-сипаттары бар. Бір қызығы әу бастан-ақ қазақтар той-домалақ думанда, басқа да халық мол жиналатын жиындарда балуандардың салмағын өлшеп жатпаған. Қарсылыласыңа қарсы тұрарлық күш-құатың бар ма, онда кілемге білек сыбанып шыға бер. Әрине, атан жілікті түйе палуандардың жөні бөлек, тұрпаты тым басқаша ғой.

Дегенмен, халықтық ұғым, нағыз бәсеке тұрғысынан балуандардың мықтылығы мен тума-талант, алып күш иесі болуын салмаққа қарамай-ақ, **«күшті болсаң күресіп көр»** деген тұжырымда кесіп-пішіп айтып тұрған тәрізді.

Орталық Азияда өмір сүрген көшпелілер күресінің басты құндылығы – күреске шыққанда белдікті (белбеу) пайдалану арқылы ерекше маңызға ие болған. Сондықтан да көне күрестің әдіс-тәсілдері осы белдікті пайдалануға байланысты дамыған. Басқаша айтқанда, күрестің маңызы – күшті дамыту, аяққа нық тұру, тепетендікті сақтау және сайыс үстінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді шебер туындатуға негізделген. Бұл нағыз дала көшпелілеріне тән – намыс пен рух, ерлік пен серіліктің символы іспеттес.

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған спорттық теориялық және әдістемелік зерттеулер бұрынша қазіргі күрес түрлері самбо, жү-до, еркін күрес т.б.-лардың негізі айла-тәсіл өнерінен алынғаны дәлелденуде.

Бұл дегеніміз – дәстүрлі көшпелілер жекпе-жек өнерінің әлем спортының дамуын зор үлес қосып дегенге сиып тұр.

Әсіресе белдік пайдаланып күресу тәсілінің бай тәжірибесі ұлы даладан бастау алып, Шығыс пен Батыс елдеріне танымал сайыс түрін әкеліпті. Аталмыш белдік арқылы белдесудің өзіндік сипаты

болған. Ол белге оралған қайыстан ұстап лақтырып тастау немесе тізесі, алақаны жерге тигені дейін жармасқан. Бұл күрес өз бойына аса епті, қуатты әдіс – тәсілдерді тудырып, іс-әрекетін кең көлемдік диапазоның сіңірумен қызықты. Сондықтан да адамның көңіл-қуанышын арттыратын, қаның қыздырып, ерлікке, елдікке баулитын қасиеті бар.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді.

Біз қазақ халқы жоғарыдағы белдік арқылы күресудің негізін салған жұрттың біріміз. Сөйте тұра өте үлкен географиялық ауқымды мекендегендіктен де халық арасында ұлттық күрестің тоқтамды бір дағдыланған жүйеісі де болмаған. Ал бізге белгілі белдік күресінің элементтері: қоян-қолтық, белме, алма т.б.

Сондай-ақ жолы келген қарт адамдар күресуге қолайлы «Тізерлеп күресу», әйелдерге арналған «Қатын күрес» түрлері барын білеміз. Бұлардың өзіне тән ерекшеліктері де көп.

Жоғарыдағы «Қоян қолтық» әдісі белдіктен қос қолдап ұстау арқылы іске асса, «белме» барысында ұстасу-ажырасу арқылы жүргізілген.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық пикирлер мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды.

Былайша айтқанда кез-келген жарыс ережесіз болмайды. Ол әр халыққа әрқалай, өзіндік ұлттық психологиясы, көзқарас тұжырымдарымен тізбекткіліп, қалыптасқан.

Ежелгі сақтар дәуірінде де күрес өнерінің тәрбиелік мәні болғанын, адамды шындауміндетін атқарғанын айтуға болар еді. Бір қызығы, боз кілемде жігіттер ғана емес, қыздар да күш сынасқан екен. Көне грек жазушысы Клавдий Элиан «Сақ жігіті өзі ұнатқан қызға үйленгісі келсе, сол қызбен күресуге міндетті болған. Егер бұл белдесуде қыз жеңіске жетсе,

онда жігіт соның қол астында қалып, бағынышты болады. Мықты, күшті жігіттердің ғана мерейі өсіп, билік жүргізген», – деп жазады.

Түйіп айтсақ: көшпелілер өнерінің бар саласы қазақ күрес өнерінде, үлкен тәрбиелік маңыз, жауапкерлік, шеберлік, ұлттық намыс болуымен қатар, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй, асқан шабыт сыйлайтын зор құдыреті де болғанын бүгінгі ұрпақ білуге тиіс.

Қазақ күресінің басты ерекшелігі - табан тіреп ұстасқан сәтте тобықтан қағуға, шалуға рұқсат етіледі, ал ұстасқан бетте қолмен аяқтан алуға болмайды. Қазақша күрестің ауқымы, көкжиегі өте кең. Қазақша күресті жетік менгерген адам өзге өзге халықтың күресіне еркін түсе алады. Кейбір әдістер күрестің классикалық түрлеріне сай келетінің айта кеткен дұрыс. Қазақша ең бір ерекше тұсы мұнда төрттағандату (партер) жоқ.

Көшпелілер күресінің басты қағидасы - әділеттік. Жеңімпазды тану демографиялық талапқа сай көп көрерменнің көз алдында анықталған. Жарыс ережесі бойынша кім кімнің де күресе беруіне мүмкіндік толық қарастырылып, күрес мезгіл және жер таңдамай өткізілетіні таңданарлық құбылыс.

Жылдар жылжып өтті – ғасырлар артта қалды. Содан бері қазақтың ұлттық спорты – күрес ешқашан тіршіліктен тыс қалмай, бірге жасасып келеді. Тарихи жазбаларда балуандық өнер туралы деректер өте көп. І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы мен Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы балуандардың айқастары халықтың бауырынан бастау алған өнердің мәңгілік екенін дәлелдейтін бір ғана мысал. Батырлар жырларын парақтасаңыздар да халықтың жекпе жек өнеріне асыл мұра ретінде қарағанына күмән келтірмейсіз.

Әдебиеттер:

1. Б. Жаналин, М. Жақыт Қазақша күрес. Алматы, Тұран, 2002
2. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, Рауан, 1991.
3. Т.Ш.Қуанышев. Подготовка будущих учителей физической культуры национальных игр. Алма-Ата, 1992.